ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР
ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
АКТИВОВ И ЗАКУПОК
ШИЕЛИЙСКОГО РАЙОНА»
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«10» 02 2021 ж./г. № 26

Шиелі кенті поселок Шиели

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту,конкурстық комиссияның төрағасы мен комиссия мүшесін айқындау туралы» 2021 жылғы 28 қаңтардағы №12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына және Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №70 қаулысымен бекітілген бөлімнің Ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**

1.«Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның төрағасын және комиссия мүшесін айқындау туралы» 2021 жылғы 28 қаңтардағы №12 бұйрығына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

2021 жылдың 28 қаңтарда жарияланған № 5372480-1 «Аудандық маңыздағы 90 км автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмысы бойынша техникалық қадағалау» қызметін мемлекеттік сатып алу конкурсының комиссия мүшесі Серікбай Ілияс Өскенбайұлының жұмыстан шығуына байланысты орнына комиссия мүшесі Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің басшысы Ысмағұлов Болатбек Әбдулхайысұлы болып өзгертілсін

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

***Негіздеме**: Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің әдіскері Серікбай Ілияс Өскенбайұлының жұмыстан босту туралы бұйрығы.*

Бөлім басшысы **Б. Ысмағұлов**

000678